

Қазақстан Республикасы
Зайсан аудандық Қоғамдық кеңес жанындағы “Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл” комитетінің отырысының
ХАТТАМАСЫ
№6

Зайсан қаласы

20 маусым 2025 жыл

Қоғамдық кеңес төрағасы
Қоғамдық кеңес хатшысы

Уәли М.
Ж. Қалихан .

Барлық қоғамдық кеңес мүшелері – 15
Қатысқаны – 11
Қатыспағаны – 4
Оның ішінде:
Іс сапарда – 2
Белгісіз – 2

Күн тәртібінде

1. Зайсан ауданында ауылшаруашылық құрылымдарына мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер мен көмектер туралы.
Хабарламашы: Зайсан аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы **Каримов Қайрат Набиевич**.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі Қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысын өткізуге қажетті кворум бар. Күн тәртібі бекісін деген ұсынысты дауысқа қоямын.

Жақтап: Бәрі.

Қарсы: Жоқ.

Ұстап қалушылар: Жоқ.

Қоғамдық кеңестің күн тәртібі бекітілді.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі Қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысында регламентті бекітіп алуымыз керек. Әр хабарламашыға 7 – 10 мин, жарыс сөзге 3 – 5 мин, берілсін деген ұсынысты дауысқа қоямын.

Жақтап: Бәрі.

Қарсы: Жоқ.

Ұстап қалушылар: Жоқ.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Зайсан аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы **Каримов Қайрат Набиевичке** беріледі. (баяндама қосымшада). Баяндама аяқталды.

Жарыс сөз:

–**М.Уәли:** –2,5% несиені нақты қанша адам алды?

–**Қ.Каримов:**–Ауыл шаруашылығының дамуына беріліп отырған инвестициялық бағдарлама. Қыстақтардағы қожалықтарына мемлекет тарапынан жарық жүргізу тегін. Тегін жарық жүргізу үшін арнайы өзінің талаптары бар. Мысалы: өндіріс орны болу керек, мал жемдеуге қолайлы арнайы жабдықталған қорасы болу керек. Келесі жылдан бастап субсидия берілмеуі мүмкін.

–**М.Бошақов:**– Семей облысы Абай ауданында 5 жыл бұрын қыстақтарды жарықтандырып қойған. Біз неге әлі жүрміз? Картоп егілді ме, тұқымды қай жақтан әкелдіңіздер?

– **Қ.Каримов:**– Жарықтандыруға байланысты, құжаттары дайын тұр, енді іске қосылады. Иә әкелдік, бірақ картоп өсіретіндерге ұсындық алған жоқ.

– **М.Бошақов:**– Биыл қуаншылыққа байланысты шөптің мәселесі қиындап тұр. Шөпті шабу, тасып әкелу қымбаттап тұр. Бұл мәселені қалай шешуге болады?

–**Қ.Каримов:**–Сходқа барған кезде осы сұрақтар жиі қойылады. Жиналыстарда қызмет көрсететін жеке меншік иелеріне осы мәселені айтып, өз бағамды ұсындым. Бірақ жекеменшік иелеріне баға осындай болсын деп мәжбүрлей алмайсың.

–**М.Уәли:** –Шаруа қожалықтарына берілетін несиені алып жатқандар өте аз екен. Соған қарағанда халық білмей ме деген тұжырымға келдім. Осы шаруа қожалықтарына берілетін несие туралы аудандық «Достық» газетіне неге жарияламайсыздар?

– **Қ.Каримов:**– «Достық» газетіне жариялаймыз, интернет желілерінде жариялаймыз. Халық біледі, бірақ несиеге тапсырыс аз түседі.

–**М.Уәли:** – Жариялылық керек.

Ұсыныс:

1.«Зайсан ауданындағы ауылшаруашылық құрылымдарына мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер мен көмектер жөніндегі» аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Қ. Каримовтың хабарламасы еске алынсын.

2.Аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Қ. Каримовқа:

мемлекет тарапынан ауылшаруашылық құрылымдарына берілетін жеңілдіктер мен көмектер туралы ауылшаруашылық құрылымдары арасында түсінік насихат жұмыстарын барлық ақпарат көздері және ақпараттық топтар арқылы кеңінен жүргізу;

мемлекет тарапынан әртүрлі жеңілдіктер мен көмектер алуға өтініш берген және оларды алған ауылшаруашылық құрылымдар туралы толық ақпараттарды аудандық «Достық» газеті бетінде жариялап отыру;

мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер мен көмектерді ауылшаруашылық құрылымдарының барлықтарына қол жетімді болып, тиісті заңдылықтарға сәйкес алуына және олардың нәтижесін бағалап отыру ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау, орындалу қортындысын жыл қортындысы бойынша алқа отырысында алдын ала мониторинг жасай отырып қарау аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәлиге жүктелсін.

Аудандық қоғамдық кеңес төрағасы

М.Уәли.

**Қоғамдық кеңес
хатшысы :**

Қалихан Ж.